



**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы
Б.Ш.Тәжияқовтың өкілеттігі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 19 қазандағы N 797

Қазақстан Республикасының Үкіметі салық заңдарының сақталуына бақылау жасау саласында халықаралық келісімдер жасасу мәселелерін жедел шешу мақсатында және Минск қаласында 1996 жылғы 29 наурыздағы Шартқа қатысушы мемлекеттер салық қызметтерінің басшылары кеңесінің отырысы өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы Бисенғали Шамғалиұлы Тәжияқовқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Салық заңдарының сақталуы мәселелері жөнінде ынтымақтастық пен өзара көмек көрсету туралы келісімге қол қою өкілеттігін беруге
қ а у л ы е т е д і .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі